КИЕЛІ ЖЕРЛЕРГЕ САЯХАТ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АТТЫ ТАНЫМДЫҚ ЖОРЫҚ, ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ІС ШАРАСЫНЫҢ ЕСЕБІ

Халықаралық туризм және меймандостық университетінің Жас ғалымдар кеңесінің ұйымдастыруымен «Киелі жерлерге саяхат және жастардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыру» тақырыбында танымдық жорық және далалық зерттеу іс-шарасы өткізілді.

Өткізілген күні: 20 қараша 2026 жыл
Өткізілген орны: Түркістан қаласы, Күлтөбе қалашығы
Ұйымдастырушы: Жас ғалымдар кеңесі

Іс-шараның негізгі мақсаты – жастардың тарихи-мәдени мұраға деген қызығушылығын арттыру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, тарихи орындардың маңызын тереңінен таныту, сондай-ақ киелі жерлердің туристік әлеуетін зерделеу арқылы отансүйгіштік пен тарихи сананы қалыптастыру. Танымдық экскурсияға арнайы шақырылған қонақ – археолог, ғалым-өлкетанушы, ежелгі және ортағасырлық Түркістан тарихы мен мәдениеті саласының маманы Марат Қамызұлы Тұяқбаев, сондай-ақ Халықаралық туризм және меймандостық университетінің білім алушылары, жас ғалымдары мен профессор-оқытушылар құрамы қатысты.

Арнайы танымдық экскурсия Түркістан қаласында орналасқан тарихи-мәдени нысандардың бірі – Күлтөбе қалашығында ұйымдастырылды. Экскурсия барысында қатысушыларға Күлтөбе қалашығының тарихи маңызы, өңір тарихындағы орны, археологиялық зерттеулердің тарихы мен нәтижелері, сондай-ақ оның тарихи-мәдени мұра нысаны ретіндегі құндылығы туралы толық ақпарат берілді.

Ғалым-өлкетанушы Күлтөбе қалашығының тарихи ерекшеліктері, археологиялық қазба жұмыстары барысында алынған ғылыми деректер мен нәтижелер жөнінде егжей-тегжейлі баяндады. Сонымен қатар қалашықтың тарихи келбеті, мәдени қабаттары және Түркістан өңірінің өркениеттік дамуындағы рөлі туралы ғылыми-танымдық мәліметтер ұсынды.

Іс-шара аясында Күлтөбе қалашығының туристік әлеуетіне ерекше назар аударылды. Атап айтқанда, тарихи-археологиялық нысандарды туристік маршруттарға енгізу, мәдени-танымдық туризмді дамыту, тарихи мұра нысандарын кеңінен насихаттау және оларды болашақ ұрпақ үшін сақтау мәселелері талқыланды.

Далалық зерттеу форматы қатысушыларға тарихи нысанды тікелей бақылап, археологиялық мұраның ерекшеліктерін тәжірибе жүзінде танып-білуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар ғалымдар мен жас зерттеушілер арасында тарихи-мәдени мұраны зерттеу, сақтау және туристік айналымға енгізу бағыттары бойынша пікір алмасу жүзеге асырылды.

INTERNATIONAL UNIVERSITY OF TOURISM AND HOSPITALITY

«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы

Құрметті әріптестер!

Сіздерді

«Күлтөбе қалашығымен»

таныстыру экскурсиясына шақырамыз!



Күні: 2026 жылғы 20 қараша

Басталу уақыты: 09:30

Өтетін орны: Күлтөбе қалашығы

Танымдық экскурсияны жүргізеді:
археолог, өлкетанушы ғалым,
тарих ғылымдарының кандидаты
Марат Қымызұлы Тұяқбаев

Іс-шара барысында қозғалатын мәселелер:

- Күлтөбе қалашығының тарихи маңызы;
- археологиялық зерттелу тарихы;
- мәдени мұрасы;
- туристік әлеуеті.

Жиналу орны: сағат **09:15**-те «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы кеңсесі алдында (Визит орталығы)

Тарихи мұрамызды танып, рухани құндылықтарымызды тереңірек зерделеуге бағытталған танымдық кездесуде жүздескенше!









